Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.1, ч.2 – Б. 35-36

АУЫЛ ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯСЫНДАҒЫ ЕНДІРІЛГЕН АҚПАРАТТЫҚ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Айтжанова Н.Т., Наурыз Қ.Ж.

Ауылдарда телекоммуникациялық қызмет көрсетуші негізгі оператор «Қазақтелеком» АҚ болып табылады. Аталған оператор телекоммуникациялық қызмет түрлерін көптеп ендіруде.

Өткен ғасырдың соңында спутниктік байланыс технологиясы көмегімен аудан мен облыс орталықтарынан шалғайда орналасқан елді мекендер DAMA-технологиялы спутниктік жабдықтармен қамтамасыз етілді. Қазіргі таңда, олар ауыл халқына қалтықсыз қызмет етуде. Тағы да жаңа технологияның бірі, ол ескі аналогтық паркке жататын координатты станциялар орнына қолдануға ендірілген CDMA-технологиялы желі құратын станциялар. CDMA 450 МГц жиілік диапазонында жұмыс істейтін сымсыз байланыс стандарты болып табылады. Ұялы байланыстың басқа да өкілдері сияқты, аталған стандартта, базалық станциялардан, коммутациялық орталықтардан, тасымалдау желілерінен, терминалдардан тұрады. Бұрынғы классикалық үлгідегі желіге қарағанда, мұнда абоненттік желілерде кабель қолданылмайды. Базалық станциялар радиустары көптеген шақырымды қамтып, ауыл тұрғындарын сапалы байланыспен қамтамасыз етеді.

Ауылдық жерлерде де, қаладағыдай цифрлық классикалық үлгідегі телефон станциялары да NGN-технологиясының келуіне байланысты ығыстырылуда. Себебі, қазіргі заман телекоммуникациясы – «Дестелі коммутация» заманы. Сондықтан, алдымыздағы жылдарда NGN-элементтері ауыл желілерінде де ендіріліп, қызмет көрсетуі ғажап емес.

ADSL-технологиясын, қалалық жерлерде ғана тиімді деп есептеп келген және оптикалық тарату ортасына негізделген PON-технологиясы ығыстыруда. Алғашқыда, олар аудан орталықтарында енгізілуде.

Көрсетілген жаңа инновациялық ақпараттық технологиялар ауыл тұрғындарына сапалы қызмет көрсетуге ықпал етеді. Ауыл тұрғындарына, аудан орталықтарындағы мекемелерге, қазіргі кезде жоғары жылдамдықты Internet таңсық емес. Олда болса инновациялық технологиялардың ауылға енуінің бір белгісі.